

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының " Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 20 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 566 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 5 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1746. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 317 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 317 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру және оны Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қаулы етеді:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 20 V980683_ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді .

3. Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті (Шалғымбаева Г.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының барлық мүдделі бөлімшелеріне, бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын, "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының және

қауымдастық нысанындағы "Активтерді Басқарушылар қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің мүшелері болып табылмайтын ұйымдарға, сондай-ақ "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамына және қауымдастық нысанындағы "Активтерді Басқарушылар қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

"Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 20 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 566 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 20 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар

"Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 20 V980683_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

1 - т а р м а қ т а :

- 7) тармақша алып тасталсын;
- 8) тармақшадағы "1-бабының оныншы бөлігінде" деген сөздер "1-1-бабының б) тармақшасында" деген сөздермен ауыстырылсын;
- мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) "уәкілетті орган" - бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган";

7-тармақта және одан әрі мәтін бойынша "Ұлттық комиссиямен", "Ұлттық комиссия", "Ұлттық комиссияның" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органмен", "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 2 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "бір сатушыдан 50 көп емес дана" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

4) және 5) тармақшалардағы "жіберілмеген", "жіберілген" деген сөздер "жіберілмейтін", "жіберілетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында айналысқа жіберілмейтін мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер жасасуға;"